

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебі

Тақырыбы:

**«Жас Қыран» және «Жас Ұлан»
жасөсіпiрмдер ұйымына өту
бағдарламасы.**

Дайындаған: А.Бұхарбай

Шардара қаласы. 2021-2022 оқу жылы.

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет

Келісемін:

ДТІЖО:

М.Әділхан

«Жас Қыран» және «Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымына өту бағдарламасы.

«Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны. Мектеп үздіктері мен екпінділерін Республикалық бірыңғай «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі

I Туды кіргізу

II Әнұранды орындау

III Қабылдау рәсімі

IV Ант беру

VI Құттықтау сөздер

VII Туды шығару

I - жүргізуші:

Армысыздар, құрметті ұстаздар, оқушылар және қонақтар! Елбасымыз Н. Ә. Назарбаевтың тапсырмасы мен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында 2011 жылы 6 шілдеде еліміздің патриоттарын, еңбек құмар, білімге құштар, салт - дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды кастерлейтін жас жеткіншектерді, отан сүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын.

Тәуелсіздік Қазақстан сен бірелсің жаһанға, Теңтанылған таудайасқақ тұлғасы. Міне, бүгін де еліміздің Тәуелсіздік мерекесіне 30 жылдығы қарсаңында мектеп үздіктері мен екпінділерін және белсенділерін «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» ұйымының құрамына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз!

I - жүргізуші:

Сөз: «Жас Ұлан» ұйымының Президенті 11 сынып оқушысы Бағыбай Жасұланға беріледі.

Мектеп! Сап түзеп, тіктүр! Жас Ұлан ұйымының туы енгізілсін! (Ту кіргізіледі).

I - жүргізуші:

Түсініп терең, өмірдің мәнін,
Жалынды жастар, сендерсің сәнім
Беретін бойға күш - қуат, жігер
Шырқалсын шаттық Ән ұран әнім!

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалсын! (Ән ұран орындалады).

I - жүргізуші:

«Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ал міндеттері – әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымының мүшелері мәлімдеме тапсыруға әзірсіздермен. (Ұйым мүшелері Әзірміз)

Ұйым, сап түзеп, тіктұр! Құрметті Ұйым Президенті, Тәуелсіздік мерекесінің 30 жылдығына өткізіліп отырған Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылдау салтанатты жиынына дайын. Баяндап тұрған Топ басшысы:.....

1 - жүргізуші:

Бүгінгі жиынның ең жауапты сәті, ант тапсыру рәсімін «Жас Ұлан» ұйымы қатарына қабылданушы оқушыларға береміз. («Жас Ұланның» 1 мүшесі ант береді, қалғандары «Ант етеміз, ант етеміз, ант етеміз» деп 3 рет қайталайды)

1 - жүргізуші:

Құрметті қонақтар, ұстаздар және оқушылар! Сіздерді «Жас Ұлан» ұйымына қабылданатын оқушыларға туымыз түстес көгілдір галстук және төс белгілерін табыстау рәсіміне шақырамыз.

1-жүргізуші:

Ұйым Сап түзе! Тіктұр! . Жас ұлан ұйымының әнұраны орындалсын.

1-жүргізуші: Құттықтау сөз мектеп директоры Нұрымбет Жалғас ағайымызға және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әділхан Мұса ағайға беріледі.

1 - жүргізуші: Құрметті, оқушылар «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларыңызбен құттықтаймыз! Егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуларыңызға тілектеспіз. Мектеп президенті: Мектеп! Тіктұр! ҚР туы шығарылсын!

1-жүргізуші:

Өнерпаздар жарысты сан-салалы,

Жиын десе, той десе ән салады,

Бүгінгі қонақтардың құрметіне

Салтанатты әсем би жолданады- дей келіп биден шашу шашамыз.

Ортада «Балдаурен» би тобы. Қол соғып, қошеметтеп отырайық.

1 - жүргізуші: Алдарыңызда «Жас Ұлан» ұйымының белсенді мүшелері 8- сынып оқушылары Халбай Фариза мен Тасберген Мағжанның орындауындағы «Қазақтың шын есімі – Тәуелсіздік » әнін қабылалыңыздар.

1 - жүргізуші:

Білімді – көкіректе нұрдеп түсін

Жігерлі, жалынды отты жыр деп түсін.

Аталған мақсат, талап, ережені,

Орындауға бәріңде міндеттісің!

1 - жүргізуші:

Ризамын деп осындай жастық шаққа,

Не жетер «Жас Ұлан» деген лайық атқа.

Келеміз егеменді ел төріне өрлеп,

Ашылып алдымыздан алтын қақпа.

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына салтанатты қабылдау рәсімі өз мәресіне жетті, салтанатты жиынымызды жабық деп жариялаймыз.

Дайындаған:

А.Бұхарбай